

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ
АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.
Д.АСФЕНДИЯРОВА**

Модуль “Фармацевт – менеджер”

**Шаруашылық процестегі басқа активтер
Тауар материалды құндылықтардың есебі**

Дайындаған: Сагиндыкова К.
Тексерген: Елшибекова К.М.
Тобы: ФА12-004-01

Алматы, 2016

Жоспар :

- ◆ Негізгі құралдар есебі
- ◆ Инвестициялар есебі
- ◆ Қаржылық инвестициялар есебі
- ◆ Материалдық құндылықтар есебі



Жалпы негізгі құралдар - деп өндірісте ұзақ уақыт бойы (бір жылдан артық уақыт) пайдаланылатын, өзінің бастапқы заттай нысанын (пішінін, түрін) сақтай отырып, құнын шығарылған өнімге, орындалған жұмысқа, көрсетілген 11 қызметке біртіндеп бөліп-бөліп есептелген амортизациялық аударым мөлшерінде ауыстыратын еңбек құралдарын, яғни материалдық активтерді айтады. Шаруашылық субъектілерінде негізгі құралдардың есебі. Негізгі қорлар (құрал-жабдықтардың) есебі - деп аталатын бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес жүргізіледі

Негізгі құралдарға - қозғалмайтын мүлік, жер учаскелері, үйлер мен ғимараттар, өткізгіш тетіктер, машиналар мен жабдықтар, өлшеуіш және реттеуіш аспаптары мен құралдары, есептеуіш машиналар мен техникалары және олардың программалық құралдары, көлік тасымалдау құралдары, аспаптар. Өндірістік және шаруашылық құрал-саймандары, өнім және жұмыс құралдары, көп жылдық көшеттер, шаруашылықтың ішкі жолы, тағы да басқалар жатады.

Барлық "негізгі құралдар" өздерінің өндіріске қатысуына қарай өндірістік және өндірістік емес болып екі топқа бөлінеді.

Өндірістік негізгі құралдар - деп өндірісте қызмет ететін, яғни енім өндіру орындарында пайдаланылатын негізгі құралдарды айтады. Олар: өндіріске арналған үйлер, ғимараттар, өткізгіш тетіктер, құрылыс машиналары, көлік тасымалдау құралдары, әртүрлі станоктар, двигательдер, құрал-саймандар, өлшеуіш аспаптар және тағы басқалары.

Өндірістік емес негізгі құралдар- шаруашылықтың өндірістен басқа салаларында пайдаланылатын негізгі құралдар жатады. Оларға тұрмыстық үй-жай (коммуналдық) шаруашылығында, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздан-дыру, білім беру және мәдениет салаларында пайдаланылатын негізгі құралдар және тағы да басқа негізгі құралдар жатады

Негізгі қызметке қатысу сипаты мен құнынан өндіріс және айналым шығындарына ауыстыру тәсілі бойынша негізгі құралдар былай бөлінеді:

- 1) *Белсенді* (олардың қатысу жұмыс сағаттарының мөлшерімен, жұмыстар көлемімен өлшене алады);
- 2) *Бәсең* (ғимарат, құрылыс). Олардың негізгі қызметке қатысуын қандай да бір көрсеткіштерде өлшеу мүмкін емес.

Негізгі құралдардың бухгалтерлік есебінің басты міндеттері:

- алынуынан бастап шығуы сәтіне дейін олардың бар болуы және сақтығын бақылау;
- амортизацияны дұрыс және уақытылы есептеу;
- бюджетке аударылатын мүлік салығын дұрыс есептеу үшін мәліметтер алу;
- реконструкцияға, модернизацияға және жөндеуге қаражаттардың дұрыс және тиімді пайдалануын бақылау;
- негізгі құралдардың уақыт және қуаттылығы бойынша пайдалану тиімділігін бақылау бақылау;
- негізгі құралдардың бар болуы және қозғалысы жөнінде есеп беруді құру үшін мәліметтер алу.

Инвестицилар - өнеркәсіпке, құрылысқа, ауыл шаруашылығына және өндірістің басқа да салаларындағы шаруашылық субъектісіне мүліктей, заттай, сондай-ақ ақша қаражаты түрінде, яғни капитал түрінде салынып ол шаруашылықты әрі қарай өркендетіп дамыту үшін жұмсалынатын шығындардың жиынтығын айтады. Жалпылай алғанда, **инвестиция** дегеніміз - бүгінгі күні қолда бар ақшаны, мүлікті және басқа да заттарды, яғни капиталды қандай да бір өндірісті дамыту үшін жұмсап, сол арқылы келешекте, яғни алдағы уақытта пайыз (процент) түрінде немесе басқадай үлкен кәсіпкерлік табыс табу болып табылады. Бұл жоғарыда айтылған процеспен екі фактор байланысты болып келеді. Оның біріншісі - **уақыт**, ал екіншісі - **тәуекелдік** (тәуекелге бару)

Инвестиция көздері:

- а) жаңадан жасалған құн (таза табыстың жиналған бөлігі);
- ә) амортизацияның қорлануы (накапливаемая амортизация);
- б) кредиттік ресурстар болып табылады.

Инвестицияны мына топтарға жіктеуге болады:

❖ **Жұмсау мерзімі бойынша:**

- **қысқа мерзімді** – бір жылға дейін иемдену мерзімі (бұл еркін ақшалай қаражатты уақытша орналастыру мақсатында оңай өткізілетін бағалы қағаздардағы компанияның инвестициясы);
- **ұзақ мерзімді** – бір жылдан көп иемдену мерзімі;
- **мерзімісз инвестициялар.**

Ұзақ мерзімді және мерзімісз инвестициялар – бұл қосымша пайда алу мақсатында немесе құнды қағаздары сатып алынатын компанияға ықпал етуге ие болу мақсатында немесе бұл салада өз операцияларын жүргізетін ұйыммен салыстырғанда қаражаттың мұндай жұмсалымы әлдеқайда пайдалы болғандықтан қаражатты орналастыру.

- ❖ Шығу тегі бойынша – бірінші, екінші.
- ❖ Болу формасы бойынша – құжаттық, құжатсыз.
- ❖ Ұлттық тегі бойынша – отандық, шетелдік.
- ❖ Қолдану түрі бойынша – инвестициялық (капиталдық), инвестициялық емес.
- ❖ Иемдену қатары бойынша – жеке, жалпы.
- ❖ Шығарылатын формасы бойынша – эмиссиондық, эмиссиондық емес.
- ❖ Меншік формасы бойынша – мемлекеттік, корпоративтік.
- ❖ Айналыс сипаты бойынша – нарықтық, нарықтық емес.
- ❖ Тәуекелдік деңгейі бойынша – аз тәуекелдікпен, мүмкін үлкен тәуекелдікпен.

❖ Тағайындалу түрлері бойынша инвестициялар нақтылық (реальный) және қаржылық инвестиция болып екі түрге бөлінеді.

- 1) **Нақтылық инвестиция** дегеніміз - шаруашылық субъектісіндегі белгілі бір материалдық, өндірістік қорлардың, яғни активтердің (жер, жабдық, құрылыс) өсуіне, дамуына жұмсалыну үшін салынатын салымдар болып табылады.
- 2) **Қаржылық инвестиция** дегеніміз - акционерлік қоғамдар немесе мемлекет шығарған акцияларға, облигацияларға және басқадай құнды қағаздарға банктердің депозиттеріне салынған салымдар болып табылады

Қаржылық инвестициялар есебі

Еліміздің нарықтық экономикалық жолымен дамуы барысында қаржылық инвестициялардың маңызы зор.

Ал біздің еліміздің экономикасын көтеру үшін қаржылық инвестицияны тарту бүгінгі күні аса қажетті болып отыр. Қазақстан Республикасының қаржы нарығы әлемдік деңгейде жаңадан бой көтеріп келе жатқан қаржы нарықтарының қатарына жатады, ал қаржы нарығы келесі нарықтардан пайда болады: • валюталық нарық; • құнды қағаздар нарығы; • несие-капиталы нарығы (ақша нарығы); • асыл металдар нарығы (алтын нарығы)

Өндіріс процесінде өнім өндіру және қызмет көрсету үшін керекті жағдайлардың бірі - еңбек заттары. Олардың өндіріс құралдарынан өзгешелігі, өндіріс құралы өндіріс процесіне ұзақ уақыт қатысып, өздерінің табиғи пішінін сақтай отырып, өндірілетін өнімге өз құнының бір бөлігін қосып отыратын болса, еңбек заттары өндірісте пайдаланылған кезде өздерінің бастапқы құнын түгелдей өндірілетін өнімге ауыстырады. Шығарылатын өнімнің, атқарылатын жұмыстың өзіндік құнының жартысынан артығы еңбек заттарының құнынан тұрады. Еңбек заттары өндірістік қор болып табылады. Материалдық құндылықтардың есебі Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есебінің №7 стандартына сәйкес жүргізіледі.

Материалдарды есептеудің негізгі міндеттері:

1. Дайындалған, келіп түскен, босатылған материалдарды уақытында есептеп, кіріске алу немесе есептен шығару.
2. Материалдардың қоймада және тасымалдау кезінде түгел сақталуын бақылау.
3. Материалдық қорлар қалдығының белгіленген мөлшерден артып немесе төмендеп кетпеуін бақылау.
4. Материалдарды өндірісте пайдаланған кезде олардың техникалық жолмен анықталған нормасын және тұтыну мөлшерінің қорын анықтау.
5. Материалдардың өндірісте ұтымды пайдаланылуын бақылау.
6. Дайындалған материалдардың өзіндік құнын анықтап және олардың жоспарлы есептеу бағасынан айырмашылығын тауып пайдаланылған материалдар құнын әр объектінің шығынына қосу

Материалдардың есебін дұрыс және ұтымды ұйымдастыру үшін мыналар керек:

- Материалдардың бірыңғай номенклатурасы мен жоспарлы есеп айырысу бағасын белгілеу;

- құжат айналымының дәл жүйесін белгілеу және материалдарды есепке алу мен есептен шығару операцияларының тәртібін сақтау;

- бірыңғайланған лғашқы есеп құжаттарының формалалды түрлерін белгілеу және олармен шаруашылық субъектісінің барлық бөлімін қамтамасыз ету.

Материалдардың жіктелуі

Еңбек заттары біртекті емес. Олардың бір-бірінен өндірісте атқаратын міндеттеріне, сондай-ақ физикалық және химиялық қасиеттеріне қарай өзара айырмашылықтары бар. Сондықтан да материалдар есебін дұрыс ұйымдастырудың ең басты мәселесі оларға экономикалық жағынан дәлелденген жіктеу жасау болып табылады. Өздерінің өзгешеліктерімен өнім дайындауда атқаратын міндеттеріне қарай материалдар: шикізаттар, негізгі материалдар мен көмекші материалдар, жартылай фабрикат және тағы да басқалар болып бөлінеді. Негізгі материалдар мен шикізаттар өндірілетін өнімнің құрамына кіріп, оның материалдық негізін жасайды.

Шикізаттар деп - бұрын азды-көпті еңбек сіңірілген заттарды атайды. Бұлардың құрамына кен өндіруші өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдері (мұнай, кен, мақта, жүн, тері, ағаш және тағы да басқа материалдар) жатады

Негізгі материалдардың қатарына өңдеуші өнеркәсіп өнімдері (ұн, мата, кірпіш тағы да басқалар) жатады. Шикізаттар мен негізгі материалдар өндірілген өнімнің негізін құрайды. Өндірістік процестің бір сатысынан толық өтіп әрі қарай өңдеуді қажет ететін материалдар *жартылай фабрикаттар* - деп аталады. Материалдардың бұл түрін әрі қарай өңдеу арқылы дайын бұйымдар алынады. Олардың аяқталмаған өнімнен айырмашылығы оны сол күйінде сатуға болады. Бұндай жағдайда жартылай фабрикатты сатып алған шаруашылық субъектісі оны әрі қарай өңдейді. Сондықтан да әрі қарай өңдеуге арналған шаруашылық субъектісінің өзінің өндірген немесе басқалардан сатып алған заттары еңбек заттарының қатарында есептелінеді. Жартылай фабрикаттар қатарына құрылыс ұйымдарында - бетон және ағаш бұйымдарын, металлургияда - шойын мен болатты жатқызуға болады

Көмекші материалдарға - әртүрлі химикаттар мен майлайтын, сүртетін және жөндеуге керекті басқа да материалдар жатқызылады. Көмекші материалдардың негізгі материалдардан өзгешелігі олар өнімнің материалдық (заттық) негізін құрамайды. Олар өндіріс процесінде қолданылуы барысында негізгі материалдарға өзінің қандай да бір тиісті әсерін тигізіп, негізгі материалдардың түсін және тағы да басқа жақтарын өзгертеді. Материалдардың бұл түріне бояуларды, әктерді (известь) жатқызуға болады.

Материалдық құндылықтардың ішінде бөлек топ болып отындар, ыдыс және ыдыстық материалдар, қосалқы бөлшектер, құрылыс материалдары, тағы да басқалар есептелінеді

ҚОРЫТЫНДЫ

Экономиканың қай саласындағы болмасын шаруашылық субъектілер мен еңбек ұжымдары шикізат пен материалдарды ұқыпты жұмсауға, өндіріс қалдықтарын азайтуға, ысырапты жоюға, өзінің өндіріп (дайындап, жасап) шығаратын өнімін халықаралық рыноктағы бәсекелестікке жарамды етіп шығаруға, өндірісін ұлғайтуға, өндіретін өнімінің өзіндік құнын төмендетуге және де қоршаған ортаны сақтауда оған зиян келтірмеуге мүдделі. Бұл орайда шаруашылық субъектінің материалдық құндылықтарын, ақша қаражаттарын, сондай-ақ басқа да ресурстарын тиімсіз жұмсауға қарсы күресте бухгалтерлік есептің маңызды